

**З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова**

# ӘДЕБИЕТТІК ОҚУ

## 3-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің  
4-сыныбына арналған оқулық

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі ұсынған

«Алматыкітап» баспасы  
2019

## Шартты белгілер

- |  |   |
|--|---|
|  – сабақтың басталуы        |  – талдайық, пікіріңді айт |
|  – сабақтың мақсаты         |  – тыңда                   |
|  – топтық жұмыс             |  – ойлан                   |
|  – жұптық жұмыс             |  – шығармашылық жұмыс      |
|  – мәтінді оқы              |  – ізден, сұра, зертте     |
|  – сахнала, рөлге бөліп оқы |  – есіңде сақта            |
|  – түсіндірме              |  – сөздік                 |
|  – теориялық мәтін        |  – үй тапсырмасы         |

**Мүфтибекова З., т.б.**

**Әдебиеттік оқу. Оқулық.** Жалпы білім беретін мектептің 4-сыныбына арналған. 3-бөлім. /З. Мүфтибекова, Ә. Рысқұлбекова. – Алматы: «Алматыкітап», 2019. – 88 бет: суретті.

© Мүфтибекова З., Рысқұлбекова Ә. (мәтіні), 2019  
© «Алматыкітап» ЖШС, 2019

## Құрметті оқушым!

Біз сенімен бірге «Әдебиеттік оқу» оқулығының соңғы, 3-бөліміне келіп жеттік. Бұл бөлімде «Ғарышқа саяхат», «Болашаққа саяхат» тарауларымен танысасың. Ал осы болашақ қашан, қайдан басталады? Адамзат жұмбақ болған аспан әлемін, жұлдыздарды, ғаламшарларды қалай зерттеп жатыр? Бұл бөлімде ғарышкерлердің естеліктерін, қиял-ғажайып ертегілерді оқып, танысасың.

Адамды «Болашақ өмір қалай өзгереді?» деген сауалдар мазалайды. Ғылым-білім жетістігіне, жаңа технологияларға негізделген заманның өте ұшқыр екеніне осы тарау мәтіндерін оқығанда көзің жетеді.

Болашақтың қиялы мен ақиқатынан сен де құр қалма, бірге қадам бас!

Қадамың сәтті болсын!

## Нені білесің:

- ◆ Түрлі баяндау тәсілін қолданасың.
- ◆ Оқиғаның дамуын болжап, себебін түсіндіресің.
- ◆ Мәтінді өз ойыңмен өзгертесің, оқу түрлерін қолданасың.
- ◆ Шығарма мазмұнын өмірдегі оқиғалармен салыстырасың.
- ◆ Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалайсың.
- ◆ Кейіпкердің мінез-құлқының өзгеруін мәтіннен тауып оқисың.
- ◆ Өлеңдегі негізгі ойды анықтайсың.
- ◆ Біліміңді тексеріп, бағалайсың.







## БІЗДІ МАЗАЛАҒАН СҰРАҚТАР



Сюжеттің дамуын болжаймын, себебін түсіндіремін.  
Таныстырылым түрінде шығармашылық жұмыс ұсынамын.

### Сұраққа жауап бер

1. Суреттегі сұрақтардың қайсысына жауап бере аласың?




**Александр Романович Беляев** (1884–1942) – ғылыми-фантастикалық романдар жазған орыс жазушысы.

Оның «Қосмекенді адам» атты кітабы су астында өмір сүре алатын адам туралы. Бұл фантастикалық роман бойынша көркем фильм де шығарылған.

## Түсініп оқы

## Адам ұшуды қалай үйренді?

Биіккетүтін ғана емес, жылы ауа да көтерілетінін адамдар ерте кезде-ақ байқаған. Алғашқылардың бірі болып жылы ауаны ұшу мақсатына пайдаланған – ағайынды француздар – Монгольфьерлер еді. Олар мата мен қағаздан әуе шарын жасады. Оны жылы ауамен толтырған кезде әлгі шар қалқи жөнелді. Ол бес жүз метрдей биікке көтерілді. Бұл оқиға 1783 жылы болған. Ағайынды жігіттер бұл шармен түрлі жануарларды ұшырып көріп, содан кейін өздері де ұшты.



«Монгольфьер»  
аэростаты



Леонардо да Винчи  
жасаған планер



Д.И. Менделеев

Ал француз ғалымы – Шарль әуе шарын ауадан жеңіл газ – сутегімен толтырды. Он минут ішінде шар 1000 метр биіктікке көтерілді. Осыдан кейін-ақ әуе шарларының аспанға ұшуы жиілей бастады. Оны **аэростат** деп атады. Бірақ мұндай шармен ұзақ ұшуға болмайтын еді: себебі ол ескен желдің еркінде болатын. Ал адамдар қайда барғысы келсе, сол жаққа ұшуды көкседі.

Әуе шарын қайткенде басқарылатын етіп жасауға болады?.. 19-ғасырда орыс өнертапқышы Н. Архангельский желкенді қайық сияқты, жоғары көтерілгенде жиналып, төмендеген кезде жайылатын қанаты бар әуе шарының



жобасын жасады. Бұл механизмді бу қозғалтқышы іске қосатын еді.

Он бес жыл өткен соң өнертапқыш Соковин аэростаттың қаңқасын жұмсақ емес, қатты, ерекше қатырмақағаздан жасатты. Аэростатқа екі рөл бекітілді. Оның бірі жерден көтерілуге, екіншісі әрі-бері бұруға арналған.

### Болжа

Ұшу аппараттары неге ұқсап келе жатыр?

1875 жылы орыс ғалымы Д.И. Менделеев 11 шақырымға дейін, тіпті одан да жоғары биіктікте басқарылатын аэростаттың жобасын ұсынды. Мұндай биіктікте адамға ауа жетпей қалмау үшін ішіндегі ауа сыртқа шығып кетпейтін, арнайы бекітілетін кабина жасауды да ойластырған еді.

Он бір шақырымға, одан да жоғары биіктікке ұшатын осындай аэростат – **стратостат** деп аталды.

**Дирижабль** – басқарылатын аэростат. Бірақ онымен ұшу әлі де қауіпті еді, өйткені оның ішкі қабатын жұқа матадан жасайтын. Оны сәл ғана ұшқыннан лап ете түсетін сутегі газымен толтыратын. Сондықтан өте қауіпті еді.

Кейбір адамдар қанат байлап, биік жерден секіріп те көрді. Кейбіреулері ауада қалықтады да. Осылайша, қанатты, бірақ қозғалтқышсыз ұшу аппараты – **планер** пайда болды. Алғашқы планердің үлгісін атақты суретші – Леонардо да Винчи жасағаны белгілі.

Ең алғашқы планер өте қарапайым еді. Олар батпырауыққа ұқсайтын. Мүмкін, сен оның қалай ұшатынын байқаған шығарсың?

Планердің небір түрі жасалды. Олардың сыңар қанаттысы да, қос қанаттысы да, үш қанаттысы да (триплан) бар. Дегенмен планер өзін әуеде демейтін ауа толқынынан жылдам ұша алмады. Ал адам желден де жылдам ұшып, мыңдаған шақырым жерді шарлағысы келді.

Александр Беляев  
Аударған – Нұрғали Оразов

АББ

**Сутегі** – ең жеңіл газ  
**Көксеу** – армандау



2. Ұшу аппаратын жасаған кезде ғалымдар қандай кедергілерді байқады?
3. Біз демалатын ауа – оттегі туралы не айтылған?

### Анықта



4. Мәтіннің жанрын анықтаңдар.

ертегі

әңгіме

мысал

танымдық мәтін

### Құра



5. а) Әуе шарының суретін дайындап, безендіріңдер;  
ә) оған ат қойыңдар;  
б) суреттегі ұшу аппараттарын сипаттаңдар.

### Біз де алысқа ұшамыз



### Қорыт

6. Армандар оңай орындала ма?



- Бүгінгі заманда ұшақ, тікұшақ болмаса, адам үшін қандай қиындықтар болар еді?





## ҒАРЫШАЙЛАҚ



Оқу түрлерін қолданамын.  
Түрлі дереккөзден ақпарат алуды үйренемін.  
Шығармашылық жұмыс жасаймын.

### Орында

1. Төмендегі сөздерді пайдаланып, *Байқоңыр* сөзін сипатта.

Қазақстан

адамзат

ғарышай-  
лақ

жер

алғашқы

### Сөйлесейік



2. Байқоңыр қаласы туралы не білесіңдер?



3. Байқоңыр ғарышайлағы туралы мәтінді тыңда.



**Сырбай Мәуленов** (1922–1993) – ақын, жазушы, аудармашы. Қостанай облысы Жангелдин ауданында дүниеге келген. Жазушы балаларға арналған «Барлаушы бала», «Құлыншақ», «Бала жолбарыс», «Қорқақ торпақ», т.б. өлеңдер мен әңгімелер жазған.

## Түсініп оқы

## Байқоңыр

Күтіп күнін жаңа бір,  
Көп сарғайып шөл жатты...  
«Байқоңырдан» корабль  
Жұлдыздарға жол тартты.

Жиырма миллион ат күші  
От дауылды сапырды.  
Зымыранның ақ түсі  
Найзағайдай атылды.

Бұлтты жарып бұрқанып,  
Күн шыққандай шығыстан.  
Көкке тура шырқады,  
Бұрқырады күміс шаң.

Дала билеп аспанды,  
Түсті көкке жарығы.  
«Байқоңырдан» басталды  
Жаңа ғарыш дәуірі.

Сырбай Мәуленов



АББ

**Ат күші** - бұл жерде: зымыранның қуатын білдіреді

?

4. «Байқоңыр» бұрын қандай жер еді?
5. Ақынның «Ғарыш дәуірі Байқоңырдан басталды» деуінің сыры неде?
6. Өлеңде зымыран қалай суреттелген?

## Анықта

?

7. Өлеңнен  
а) теңеу; ә) эпитет сөздерді тап.

## Білгенге маржан



**«Байқоңыр» ғарышайлағы** Қызылорда облысының Төретам ауылына жақын жерде орналасқан.

Ең алғашқы жасанды жерсерік, адамзат баласының ғарышқа жолы осы «Байқоңырдан» басталды. Сондықтан «Байқоңыр» «жұлдызды қала» деп аталып кетті.

## Құра



8. Кестемен жұмыс.



а) Хабарландыруды оқыңдар.

ә) «Жұлдызды қаладағы тосын жаңалық» тақырыбына қиял-ғажайып әңгімеге жоспар құрыңдар.

б) Мұғалімнің көмегімен жоспар бөліктеріндегі әңгіменің басталуын, дамуын, шиеленісуін, шарықтау шегін, аяқталуын сипаттаңдар.

*Бәріңе! Бәріңе! Бәріңе!*

*Сіздерді ғарышкелімен саяхаттауға шақырамыз. Өзінізбен бірге кілді, нені алып жүретіндеріңізді алдын ала тізімде көрсетіңіз.*

*Кезекке жазылыңыздар.*

*„Жұлдызды қала“ ұшу аймағы*



## Қорыт



9. «Байқоңыр» ғарышайлағы қандай ғылымға негіз болды?

10. «Байқоңыр» ғарышайлағы туралы қайдан оқып білуге болады?



Өлеңнің ұнаған шумағын жаттап ал.





## 81 ҒАРЫШҚА САПАР



Түрлі дереккөзден ақпарат аламын.  
Шығармашылық жұмыс жасаймын.  
Оқиға жүйесін анықтап, жоспар құрамын.

### Ойлан



1. Суретті пайдаланып, ұйқас сөздермен «Ұшты-ұшты» ойынын ойнаңдар.

Үлгі: тарақ – парақ



### Пікіріңді айт



2. Ғарышқа ұшқан жануарлар туралы не естідіңдер?

### Есіңе сақта



**Юрий Алексеевич Гагарин** (1934–1968) – 1961 жылы 12 сәуірде «Байқоңыр» ғарышайлағынан ғарышқа ұшқан тұңғыш ғарышкер. Ол Жерді айналып ұшып, 1 сағат 48 минуттан кейін Жерге қайтып оралды. Қазір көптеген оқу орындары, қалалардағы көше, алаңдар Ю. Гагарин есімімен аталады.



3. Тұңғыш ғарышкердің өмірбаяны туралы деректерді тыңда.



## Түсініп оқы

**Аман қайтып кел, Звездочка!***(ықшамдап алынды)*

Ғарышайлақ жұрт жүріп жатқан жолдан алыс орналасқан. Онда маман инженерлер мен техниктер тобы жүреді. Осы жерде ғарышкемелерді ұшыратын қуатты зымырандар құрастырылып, дайындалады. Осы жерден олар аспанға самғайды.

Бізге сары ала итті әкеп көрсетті. Мен оны қолыма алдым. Салмағы алты килограмнан аспайды екен. Оны еркелетіп, жонынан сипап едім, қолымды жалап алды. Ол бала кезімде көп ойнаған біздің үйдің итінен айнымайды екен.

Иттің атын сұрасам, оған әлі ат қойылмапты. Ғарышқа аты жоқ жолаушыны жіберуге бола ма? Болмайды ғой. Ат табуымыз керек болды. Мен итті көтеріп алып, жерге қоя бердім де:

– Аман-есен орал, Звездочка! – дедім.

Жиналғандардың бәрі осы атты құптап: «Звездочка болсын!» – деді.

Ғарышайлақтағы алып құрылысқа мен, бір жағы, қуанып, бір жағы, таң-тамаша болып қарап қалыппын. Ұшу алаңындағы ең соңғы дайындыққа қызыға қарап тұрдым. Белгіленген уақыт жақындап қалды. Дәл қазір-ақ ұшуға бұйрық берілгелі тұр. Осы минуттарда ұшуға Звездочканы емес, тап мені дайындап жатқандай сезіндім. Бейне бір аспанға шырқап кеткен ғарышкеменің ішінде отырғандаймын. Мүмкін, адамдардың ішінен мен бірінші болып ұшармын да.

Міне, ғарышкеме ұшайын деді! Атқан оқтан да тез команда берілді. Қақпақтарынан жалыны бұрқырап, қозғалтқыштарының гүрсілдеген даусы сондай күшті. Көпсатылы зымыранның биік те ауыр корпусы старт алаңынан көтеріліп бара жатты. Зымыран бірер секундта жерден бөлініп шықты да от-жалынын шұбалтып, көзден ғайып болды.

– Юрий, сені де біз осылай шығарып саламыз, – деді жолдастарым маған.

Күні бойы ойымнан осы көрініс кетпей қойды. Ғарышкеме ғаламшарды айналып ұшып, белгіленген ауданға қайтып келді. Мамандар – биологтер мен дәрігерлер аман-есен ұшып келген Звездочканы көріп, мәз-мейрам болып жатыр. Ал мен жаңағы көргенімді ойлаумен жүрмін. Құлағымда старт кезінде естіген керемет гүрсіл тұр. Ал көз алдымнан зымыран қалдырған будақ-будақ түтін кетпейді. Бірақ мен бұдан қорыққаным жоқ, қайта бойымды шаттық кернеді.

Ю.А. Гагарин «Ғарышқа сапар»  
Аударған – Қ. Шәріпов, Т. Ыдырысов

АБВ

**Ғайып болу** – лезде жоқ болу

?

4. Ғарышайлақта қай мамандық иелері жұмыс істейді?

Q


5. Ғарышкеменің ұшу сәтіндегі сипатын оқып бер.

6. Бұл сипаттау саған қалай әсер етті?

7. Ю. Гагариннің көңіл күйі қалай өзгерді?

## Құра

8. Мәтіннің жоспарын ретімен орналастырып жаз.



## Анықта

9. «Ғарышқа сапар» кітабының жанрын ребус арқылы анықта.



**Естелік** – күнделік, жолжазбаға ұқсайтын әдеби шығарма.

Ю.А. Гагариннің өмірбаяны естелік түріне жатады.

## Қорыт



10. Ғалымдар не үшін ғарышқа итті ұшырды?

- а) Тірі ағзаның ғарышта өмір сүре алатынын анықтау үшін;
- ә) Жай ғана саяхат үшін;
- б) ...



Мәтін бойынша сурет сал.

Ғарышқа ұшқан иттер туралы «Imekter.kz» сайтынан оқып біл.



**НЕ АУЫР, НЕ ЖЕҢІЛ?**

Мәтін мазмұнына жоспар құрамын.  
Түрлі баяндау тәсілін қолданамын.

**Пікіріңді айт**

1. Мына пікірлерге сенесің бе?

- Менің салмағым жоқ.
- Су тамшылары жерге емес, төбеге жабысып қалады.
- Қалпағым басымнан өзі ұшып кете береді.



2. Адам қалай осындай күйге түседі?

**Түсініп оқы**

3. «Түртіп алу» әдісімен оқы.

«✓» Білемін	«-» Ойым бөлек	«+» Жаңа ақпарат	«?» Білгім келеді
----------------	-------------------	---------------------	----------------------

**Ғарыштағы салмақсыздық**

(жалғасы, ықшамдап алынды)

...Ғарышкеме орбитаға – даңғыл ғарыш жолына шықты. Баяғыда, бала кезімде, К.Э. Циолковскийдің кітаптарынан оқыған салмақсыздық жағдайы туды.

Салмақсыздық – Жердегі біздің бәрімізге бір түрлі қызық көрінетін құбылыс. Бірақ ағза оған тез көндігеді де адамның барлық мүшесі қол-аяққа тұрмай жеңілдеп кетеді.

Айтыңдаршы, сол тұста мен қандай болдым?





Мен креслодан сырғып кеттім де кабинаның төбесі мен еденнің екі аралығында қалықтап тұрып қалдым. Жердің тарту күшінің әсері жойылғаннан кейін мен өзімді жақсы сезіндім. Кенет бәрі басқа болып шыға келді. Қолым да, аяғым да, – бүкіл денем менікі емес сияқты болып кетті. Оларда еш салмақ болмады. Не отырған емес, не жатқан емес. Кабинада қалықтап қана тұрасың. Бос заттардың қалқып тұрғанын көрсең, өңің емес, түсің сияқты. Планшет те, қарындаш та, блокнот та солай... Түтікшеден құйылып тұратын сұйық зат шарик сияқты болып, бір жерден бір жерге еркін дөңгелеп жүрді. Ол кабинаның қабырғасына тисе, гүлге тұрған шықтай жабысып қалады.

Адамның жұмыс істеуіне салмақсыздық жағдайының ешқандай зияны жоқ. Мен ылғи жұмыс істеп отырдым. Бір сәт қай жерде, қандай жағдайда отырғанымды ұмытып, қарындашты қасыма қоя салып едім, ол менен әрмен қарай қалқып кетті...

Бұлттар аппақ, сондай әдемі-ақ! Күн шақырайып тұр, оған жай көзбен, яки көзіңді қыссаң да, қарауың қиын. Сірә, ол біздің Жерден көріп жүргенімізден он есе, тіпті жүз есе жарық болар. Жалғыз аспанды ғана емес, Жерді де

қарап отырдым. Біздің ғаламшардың шар тәріздес екені байқала ма? Иә, солай. Жердің бояуы ғажап! Ол әдемі көгілдір түсті. Сонан соң ол біртіндеп қаракөлеңке тартып, көк-жасыл, көк-күлгін болып құбылады да көмірдей қара түске айналады.

Ұшу графигін қадағаладым. «Восток» сағатына 28000 километрдей жылдамдықпен ұшып келеді. Жер үстінде мұндай жылдамдықпен ұшуды ойлаудың өзі қиын... Менің көңіл күйімді жердегілер жақсы біліп отырды...

Ю.А. Гагарин «Ғарышқа сапар»,  
аударған – Қ. Шәріпов, Т. Ыдырысов

АБВ

**К.Э. Циолковский** – ғарышты игерудің негізін салушы ғалым

**Жердегілер** – бұл жерде: ұшуды басқару орталығы

3. Мәтіннің өзіңе әсер еткен тұсы туралы айт.



4. Автордың салмақсыздық жағдайы мен Жерді сипаттауынан теңеу, эпитет сөздерді тап.

### Құра



5. Мен де салмақсыздық жағдайын басымнан өткіздім.

Ғарышкердің рөліне еніп, «Айтыңдаршы, сол тұста мен қандай болдым?» дегеннен кейінгі абзацқа жағдаяттар қосып, оқиғаны өзіңше өрбітіп баяндап көр. Мысалы: бетімді жуа беріп едім, ...

### Қорыт

6. Мәтінде сен үшін не болды?



«iMekter.kz» сайтынан ғарыштағы салмақсыздық туралы оқып, әңгімелеуге дайындал.





## ҒАРЫШ ЖОЛЫ ЖАЛҒАСАДЫ



Кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалаймын.  
Түрлі дереккөзден ақпарат аламын.

### Оқы, қызық!



1. Қазақ ғарышкерлері туралы не білесіңдер?



**Тоқтар Әубәкіров** 1991 жылы 2 қазан күні «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшқан қазақтың тұңғыш ғарышкері. Ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минут болды. Тоқтар бала кезінен ұшқыш болуды армандаған.



**Талғат Мұсабаев** 1994 жылы бірінші рет ұшқанда (Союз ТМ-19) ғарышта 126 күн болған. 1998 жылы екінші рет ұшқанда (Союз ТМ-27) 208 күнін ғарышта өткізген. 2001 жылы үшінші рет ұшқанда (Союз ТМ-32) ғарышта 8 күн болыпты.



**Айдын Айымбетовтің** ғарышқа өзімен бірге ала кеткен заттары – Қазақстанның мемлекеттік рәміздері мен қызы сыйлаған жұмсақ ойыншық болыпты. «Балаңыздың ғарышкер мамандығын таңдағанына қалай қарайсыз?» – деген сауалға қолынан келгенінше қолдайтынын атап өтті.

## Түсініп оқы

**Арман арқалаған бала***(қысқартылып алынған)*

...Сарытаудың етегін мекен еткен әкесі – Оңғарбай мен анасы – Қамия туа сала көз жұмған тоғыз ұлдан кейінгі перзентіне «Тоқтар» есімін беріпті.

Әкесінен қаршадайынан айырылғаннан ба, кім білсін, Тоқтар тұйықтау, оқшау өсті. Басбұзарлық та байқатпады.

– Бұл – өте бауырмал еді ғой, – дейді әпкесі Бикен. – Бірде, ұмытпасам, алты-жеті жастағы кезі болуы керек, Тоқтар ойнап жүріп, биік дуалдан ұшып кетті. Жер сүрген шекесі мен шынтағы қанап, бақырып-шақырып жылап жатыр. Оны жұбата алмай, әрі-беріден соң мен қосыла жыладым. Жасым үлкен болса да, ботадай боздап қоя бергенімді көріп, ол тез тыйыла қалды. Содан соң жарақаттанған жерлерінің қанын жейдесінің жеңімен сүрте салып, шашымнан сипап, мені жұбата бастады.

Мұны естіп, мен әрі күлдім, әрі сүйсіндім. «Ол ерте есейген екен-ау» деп ойладым...



- Көке, көке, маған кішкентай балға жасап берші.
- Оны қайтесің, құлыным? – дейтін әкесі...
- Ұста болам, көке.
- Қой, менің-ақ темірмен алысқаным жетер. Ұшқыш бол одан да. Кешегі айтқаныңнан айнымасаңшы.

Әкесі сөйтіп оның «ұшқыш болсам» деп айтып қалған бір сөзін әрдайым есіне салып тұратын...

Тоқтар әкесінен мүлде ерте айырылды.

Батырлықтың қанға тартып, бойға даритын қасиеті екен-ау. Үлкендер әкесі – Оңғарбай ұстаны: «Ақылымен де, ісімен де жұртқа жаққан салмақты кісі еді», – десетін.

Оның өмірбаянында Нұркен Әбдіровтің есімі жиі аталады. Тоқтар Қарағандыдағы Н. Әбдіров атындағы аэроклубқа баруды жиілетті. Кешкі мектепте оқуын да жалғастыра берді. Аэроклубта парашютпен секіруге, кейіннен ұшуға жолдама алды. Жалғыз ұлының парашютпен секіруді үйренгенін естігенде ана көңілі жай таппады. Онымен қоймай, Тоқтар он тоғыз жасында Армавирдегі ұшқыштар даярлайтын жоғары әскери училищеге оқуға түсті.

Тоқтардың болашағын ойлаған анасы: «Мен десең, сол бір сынау-мынау дегеніңді тасташы. Менің сенен айырылғым келмейді!» – деп те жазды емес пе?! «Қазақтан шыққан тұңғыш сынақшы-ұшқыш Тоқтар Әубәкіров қорқып, оқуды тастап кетті», – десе, өзгелер не демек? Бойында қазақтың қаны бар. Ажалдан қорқар Тоқтар емес! Намысқа жеңгізді.

Жүсіпбек Қорғасбек

АӘБ

**Нұркен Әбдіров** – Ұлы Отан соғысының батыры, ұшқыш  
**Армавир** – Ресейдің қаласы  
**Мен десең** – бұл жерде: «Мені, яғни анаңды тыңдасаң» деген мағынада

?

2. Бала Тоқтардың отбасы туралы әңгімеле.
3. Баланың есімі неліктен «Тоқтар» деп қойылған?

### Дәлелде

4. Жазушы отбасы мүшелерінің қандай туыстық сезімдерін суреттеген?



5. Тоқтардың мамандықты қалай таңдағанын мәтіннен тауып, оқып бер.

### Бағала



6. Тоқтарға тән ерекшеліктерді тап.



### Қорыт

7. Тоқтардың мамандық таңдауына үлгі болған адамдар – кімдер?



Мәтіндегі Тоқтардың отбасын сипаттап жаз.

Мысалы: Оңғарбай – ...



## 34 КҮМІС ҚАНАТ ҰШАҚТАР



Тапсырманы сызба түрінде ұсынамын.  
Кейіпкердің іс-әрекетін бағалаймын.

### Анықта

1. Ұшақтың қандай түрлерін білесің?



### Түсініп оқы

## Сынақшы-ғарышкер

(жалғасы)

...Тоқтар емтихандардың бәрінен сүрінбей өтіп, сынақшы-ұшқыштар мектебіне қабылданғанда балаша қуанды. Екі жылдың ішінде әртүрлі типтегі бірнеше ұшақты меңгеріп, бұл мектепті де өте жақсы бітіріп шықты. Тоқтардың алғырлығын бағалай білген басшылар оны өзі қызмет атқарып жүрген жердегі конструкторлық тәжірибе бюросына шақырды...

Сынақшы-ұшқыш әдетте ұшақтың әр тетігін айқын сезінуі тиіс. Онсыз қай жерінде кінәрат барын анықтау мүмкін емес қой.

Бірде ол көк жүзінде самғап келе жатып, ұшқыр ұшағының өз салмағынан ауырлап, зіл тартқанын аңдады. Жерде бақылап отырғандардың ақаудың қауіпті екеніне





көздері жетті. Олар Тоқтарға парашютпен секіруге бұйрық береді. Мұндайда сынақшы-ұшқыштың бірер секундтың ішінде өз еркімен шешім қабылдауға қақысы бар. Ал одан кешіксе, ұшқыш аман қалу мүмкіндігінен толық айырылады. Өз қатарындағы ұшқыштар әуедегі сынақ кезінде сыр беріп алған бір-екі ұшақты жерге тастап үлгерген болатын. Неге екені белгісіз, ендігі кезек өзінікі сияқты көріне бастаған.

Не қылса да, күдігі алдамапты. Ізін баққан қауіп ақыры қапыдан килікті. Ол Жерге, Жер оған қарсы ғаламат жылдамдықпен зымырады. Орман-тоғай, тау-төбелер иек астынан андыздап қоя берді.

Өміріне қауіп төнгенін сезіп, ажалдан құтқарар тетікке ұмтыла беріп, қолын кейін тартып алды. Қас-қағым сәтте шешім қабылдау оңайға түскен жоқ. «Көк құрыштай жап-жаңа ұшақты обалсынды», – деу де ақылға қонбас. Өмірі қыл үстінде тұрғанда елден ерек ерлік жасауды көксей қоймағаны да – ақиқат. Бірақ қалай да мәшинені құтқарудың амалын іздеді. Оны тапты да. Тоқтар темір сұңқарын аман-есен қондырғаннан кейін не жайында ойлағанын білесіз бе?

**Болжа**

Қауіптен аман қалған ұшқыш не ойлауы мүмкін?

Туған жері, тай-құлындай бірге өскен достары есіне оралды. Әке орнын жоқтатпай, құйттайынан бағып-қаққан жездесі – Нығмет пен әпкесі – Бикенді сағынды. «Тоқтар-жан-ай, жарық дүниеде біздің де жер басып жүргенімізді ұмытып кеткенің бе?» – деп, Нығмет құшағын жая ұмтылып келе жатқандай. «Жалғызым-ау! Жарығым-ау! Неғып хат жазбай қойдың?» – деп, Бикен де бауырына басқандай...

Осындай ерекшеліктері бар «МИГ-29»-ды жетілдіруге арналған кезең ғарышкердің өмірбаянынан ерекше орын алады. Тоқтар үшін бұл жылдар ғарышқа сапардың баспалдағы сияқты көрінеді. Жеті қат аспан төрін сан рет шарлап ұшқан сынақшы сөйтіп ғарышқа да қадам басты. Өзімен бірге қазақ елінің мәртебесін аспандата көтеріп, ғарышқа бір-ақ алып шықты. Тіпті оның түркі халықтары арасынан бірінші болып ғарышқа ұшуының өзі неге тұрады!..

Жүсіпбек Қорғасбек

АББ

**Андыздап** – тұс-тұстан қаумалап, төніп келу  
**Қапыда** – кенеттен, күтпеген жерден, аяқ астынан  
**Мәртебесі** – беделі, абыройы



2. Автор сынақшы-ұшқыш болудың қиындығын қалай суреттеген?

3. Тоқтар басына түскен қиындықты қалай жеңе білді?



4. Кейіпкер «қиындыққа қарсы тұра білу» дегенді қалай түсіндіреді?

**Салыстыр**

5. Өз болжауыңды мәтіндегі ұшқыштың сезімдерімен салыстыр.

### Бағала



6. Сендерге Тоқтардың бойындағы қандай қасиеттер ұнайды?

### Сипатта

7. Соңғы абзацты оқып, Тоқтардың ерен ерлігін сипаттап айт.

### Сәйкестендір



8. Кестенің 1-бөліміндегі сөздердің мазмұны 2-бөліміндегі қай сөзге сәйкес келеді?

Ақау, кінәрат, ...	...	көзді ашып-жұмғанша
Тұңғыш, бірінші, ...	...	кемшілік, сынық
Лезде, қас қағым сәт, ...	...	алғашқы



Сөздерді пайдаланып, Т. Әубәкіровтің өмір жолын сызба түрінде бейнелеп көрсет.







## ҒАРЫШТАН АДАМ НЕ ІЗДЕЙДІ?



Оқу түрлерін қолданамын.  
Түрлі дереккөзден ақпарат аламын.

### Пікіріңді айт

1. Сен ғарышқа не үшін ұшар едің?
2. Ғарыш әлемінде өзіңді не қызықтырады?



### Ой бөлісейік



3. Келешекте ғарышқа ұшу оңай болуы мүмкін бе?



**Байбота Қошым-Ноғай** – жазушы, ақын. Балаларға арнап өлең, жаңылтпаш, жұмбақтар жазған. 1954 жылы дүниеге келген. «Таңертеңгі тәтті түс», «Мамандықтың бәрі жақсы» сияқты кітаптары бар. «Қасқыр мен жеті лақ», «Маша мен Аю» сияқты шетел ертегілерін қазақ тіліне аударған.

**Түсініп оқы**



**Жарайсың, Айдын аға!**

Мақтанып жүр ел бүгін:  
«Менің батыр ұлым!» – деп.  
Айдын аға ерлігін  
Айтады ұрпақ күлімдеп.

Тоқтар, Талғат, Айдынның  
Жолын әлі-ақ жалғаймыз.  
Орбитасын Ай, Күннің  
Айналып біз самғаймыз.

Халқымыздың айбынды  
Ұзақ күткен арманы.  
Қарсы алып көк Айдынды,  
Ғарышты елім шарлады.

Б. Қошым-Ноғай



4. Айдын ғарыш жұлдыздарының тізімін қалай жаңғыртты?

5. Ақынның: «Тоқтар, Талғат, Айдынның  
Жолын әлі-ақ жалғаймыз»  
деген сөздерін қалай түсінесің?



6. Айдын Айымбетов пен Талғат Мұсабаевтың өмірбаяны туралы  
тыңда.

**Түсініп оқы**

**Ғарыш қыраны**

Биікке құмар жан едік,  
Биіктен ғана нұр күткен.  
Қуанып бүгін бар елін,  
Барады көкте бір нүкте.

Қарайды көкке бар әлем,  
Қызықтап жолын сұңқардың.  
Жақсы еді, шіркін, не деген,  
Қыран боп көкке шырқар күн!

Болашақ, маған жақын кел,  
Жақсылық сырын түсіндір,  
Ғарышқа ұшқан батырмен  
Жүрегім бірге ұшып жүр!

Бір нүкте емес, бір жүрек  
Барады ғарыш жолымен.  
Қарайды ана елжіреп,  
Қалқалап Күнді қолымен.

Келешек ұшып жүр көкте,  
Жарқырап жанды жас арман.  
Қарайды әлем құдіретке,  
Ғажапқа қолмен жасалған.

Бақыты үшін бар адам,  
Өнердің таңы атыпты.  
Тек ұшу үшін жаралған  
Адамдар қандай бақытты!

Т. Молдағалиев



7. Өлең шумақтарынан ақынның сезімдерін білдірген сөздерді тап.



### Түсіндір

8. Ақынның «Қарсы алып көк Айдынды,  
Ғарышты елім шарлады»  
деген сөзінен: а) «көк» сөзіне сұрақ қой;  
ә) «көк» сөзімен мағыналас сөз тап.

### Қорыт



9. *Болашақ, келешек, құдірет, ғажап, арман, өнер, самғау* деген сөздерді пайдаланып, өлеңдердің негізгі ойын түсіндір.



Қазақ ғарышкерлерінің бірінің өмірбаяны туралы оқып, альбом жаса.





## ҒАРЫШКЕРМЕН СҰХБАТ



Шығармашылық жұмыстар жасаймын.  
Түрлі дереккөзден қажет ақпаратты тауып үйренемін.

### Орында



1. Кестемен жұмыс жаса.

### Сұрақтар тақтасы

Талғат Мұсабаевқа қандай сұрақтар қояр едіңдер?

### Бағала

2. Қай сыныптасыңның сұрағы қызық болды?

### Түсініп оқы

## Ғарыштық өмір

(ықшамдап алынған)



Әр ғарышкер үшін ғарышқа ұшқан, Жерге қайтып оралған күн – ерекше күндер. Осы аралықты жеке «ғарыштық өмір» деп атауға да болады.

Талғат Мұсабаев – бір жылды құрайтын үш ғарыштық өмір сүрген адам. Қазақтың маңдайына біткен батыр ғарышкер Алматы облысы Жамбыл ауданының Қарғалы ауылында дүниеге келген.

Салиха анасы соғыс жылдары Сталинградтан Берлинге дейін барып, дәрігер ретінде қызмет еткен. Тұңғыш ұлы – Талғат дүниеге келгенде «Талғат Бигелдинов ағасындай батыр болсын!», – деп, атын ырымдап қойған екен. Бала Талғат та ағасы сияқты батыр, одан кейін Юрий Гагарин сияқты ғарышкер болуды армандап өседі. Тіпті мектепте «Ғарышта – Мұсабаев Талғат!» – деп айғайлағаны да бар. Бір жағынан, өз арманына, өзіне деген сенімі болды ма екен, ғарышкер болатынына еш күмәнданбапты. Сол арманына 43 жасында қол жеткізеді. «Талай қиындық көрдім», – дейді ғарышкер...

Талғат Мұсабаевтың ғарышқа ұшу арманы кейін, Қазақстан тәуелсіздік алған соң жүзеге асады.

Талғат Мұсабаев – қазақтың 2-ші, ал әлемнің 309-ыншы ғарышкері.

«Ғарышта ажалдың аузынан қалған кездерім болды. Біреуін ғана айтайын. Ашық ғарышқа шыққан кезімде мені кемеге бекітіп, ұстап тұратын тетік ажырап кетті. Біртіндеп тұңғыыққа батып бара жаттым. Айтары жоқ, сұмдық еді. Көз алдымнан жалт-жұлт ойнап, әп-сәтте бүкіл ғұмырым өте шықты. Бұрын-соңды ескерілмеген, ескерілмек түгіл ойға келмеген хал. Ауа қоры 8 сағатқа жетеді. Одан әрі – қапысыз, бұлтартпайтын, жалтартпайтын ажал. Міне, осы сәтте адам айтса, нанғысыз таңғажайып оқиға болды. Қайтадан зулап бара жатқан ғарыш кемесінің үстінен бір-ақ шықтым. Денеме ештеңе тимей-ақ, жұғысып, итермей-ақ, әлдебір құдірет құрдымнан суырып алды. Ешқандай қисынға келмейді, түсінікке сыймайды», – деп еске алады ғарыштағы қатерлі сәттердің бірін Мұсабаев.

Ұшқышпен бірге ғарышта болған әріптесі – Юрий Маленченко Талғат Мұсабаевпен ашық ғарышқа шыққанда тура Қазақстанның үстінен өтіп бара жатқандарын байқапты. Сонда Мұсабаев: «Қазақстанның үстінен өтіп бара жатырмыз. Менің Қазақстаным!» – деп айқай салыпты. Ғарышкерлер қатпар-қатпар Алатау сілемдері мен Балқаш көлінің көрінісін ғарыштан көріп, тәнті болыпты.

Талғат Мұсабаев ғарышқа Қазақстанның туын, топырағын, «Құранды» өзімен ала барып, елге деген, жерге деген құрметін бірнеше мәрте көрсеткен.

Дайындаған – Анар Мұстафина

АБВ

**Тәнті болу** – риза болу, көңілі толу  
**Әріптес** – бірге жұмыс істейтін, мамандығы бір адам

### Салыстыр



3. Ғарышкер Талғат пен Тоқтардың балалық шақтағы армандарын салыстырыңдар.



4. Т. Мұсабаевтың ерлігін сипаттайтын үзіндіні тауып, оқы.

5. Ғарышкер Талғаттың ұшу кезіндегі бақытты сәтін тауып, оқы.

6. Сабақ басындағы «Сұрақтар тақтасына» тағы қандай сұрақ қосар едің?

### Қорыт

7. Мәтіннің ерекше әсер еткен бөлігін оқып беріп, ойыңды түсіндір.



«iMekter.kz» сайтынан Т. Мұсабаевтың өмірі туралы деректерді тауып, оқы.





## ҒАРЫШКЕРДІҢ АС МӘЗІРІ



Ғарыш пен Жердің тіршілігін салыстырамын.  
Шығармашылық жұмыстар жасаймын.

### Ойлан



1. Қалай ойлайсың, ғарышкердің тағамы қандай болуы керек?  
Түрі (пішіні, ...) қандай болады?  
Ғарышкерге қандай жақсы тілек айтасыңдар?



2. Саған қай сыныптасыңның әңгімесі ұнады?

### Түсініп оқы

#### Ғарыштағы түскі ас

Түс мезгілі еді. Павел Иванович сөмкесінен азық-түлік салынған қорапты байқамай ашып қалды. Сол сәтте қораптан біздің сықпақұтыдағы борщымыз, консервіміз, нанымыз ытқып шықты.

Түскі асымыз ғарышкеменің ішінде ұшып жүр. Мұның барлығын қуалап, ұстап, резеңкелі бекіткіштерге салғанша



бірталай уақытымыз кетіп қалды. Ал шанышқы мен пышақтарымызды қайтып Жерге оралып келгенше таппадық. Олар кресломыздың астына түсіп, зым-зия жоғалды. Содан қосымша блоктағы басқа ыдыстарды пайдалануымызға тура келді...

Ғарышта тамақ іше білу керек. Тамақты аузыңды жаппай шайнасаң не сол сәтте сөйлеп отырсаң, аузыңнан ұшып шыққан нан қоқымдары, ботқа мұрныңның жанында қалқып жүреді.

Сықпақұтыдан қарақат шырынын ішіп отырып, бірнеше тамшысын төгіп алған едім. Сонда шырын домалақ қызғылт шие шарына айналып, ғарышкеменің ішімен жүзіп кетті. Мен оны асап жібермек боп қуалап көріп едім, мұрныма жабысып қалды. Танауым шиедей қызыл түске боялды.

Тағамды ұқыпты жеуге тырыссақ та, тамақтан кейін кеме ішін шаңсорғышпен тазалауға тура келетін. Салмақсыздық жағдайында тағамның қиқымы тыныс мүшесіне түсіп кетсе, өмірге өте қауіпті болады.

Ғарышта Жердегі күн тәртібімен өмір сүрдік. Сондықтан түнгі он бірде ұйқыға жаттық. Кабинаның жарығын өшір-



дік. Тек кезекші шам мен сырттағы дабыл шамдарының терезелерінен жарық түсіп тұрды. Біркелкі ырғақпен желдеткіштің дыбысы естіледі. Осы дыбыс ырғағының тербеткенімен мен тез ұйықтап қалдым.

Бірнеше минуттан кейін көзіме түскен Күннің ащы сәулесінен оянып кеттім. «Қалай тез таң атты? Ұйқым кеп тұр!» – деп ойладым мен. Содан кейін ғарыштағы түн қырық бес-ақ минут болатыны есіме түсті. Төрт ғарыштық түн мен күн ұйықтауымыз керек еді...

Мен командиріме қарадым: ұйықтап жатыр, қолдары салмақсыздықтың әсерінен әуеде тербеліп тұрды.

Павел Ивановичтің қолдарын белбеушемен ақырын ғана байлап қойдым. Содан кейін өзім де орныма отырып, қолдарымды белбеушемен бекітіп, ұйықтап қалдым.

Алексей Леонов  
«Мен ашық ғарышқа шығамын» кітабынан



Алексей Архипович Леонов



Павел Иванович Беляев

### Бағала



3. Мәтіннің мазмұны несімен ұнады?

### Анықта

4. Мұғалімнің көмегімен ғарыштағы түн неліктен бірнеше минут қана болатынын анықта.



## Білгенге маржан



### Ғарышкердің тағамы

Ғарыштық тағам – ғарышкерлерге дайындалатын арнайы тағам. Ғарыш жағдайында бұл тағамдарды сақтау, пайдалану қиын емес. Тағамдар сықпақұтыға салынған.



## Құра



5. Ғарышта тамақтану ережесін құрып жазыңдар.

1. ...
2. ...
3. ...

## Салыстыр



6. Мәтін мазмұны бойынша, ғарыштағы өмір мен Жердегі тіршілікті салыстыр.

Ғарышта	Жерде
	салмақ
	уақыт
	тағам

## Қорыт



7. Болашақта ғарыштық тағам біздің тағамдардың өзгеруіне әсер етуі мүмкін бе? Қазіргі кезде оның қандай белгілері байқалады?



Үлкендердің көмегімен ғарышкер тағамы туралы түрлі дерек-көзден оқып, әңгімеле.



## БІЗДІҢ ҒАЖАЙЫП ТҮСІМІЗ



Сөйлеу барысында нақыл сөздерді пайдаланамын.  
Кейіпкердің көңіл күйінің өзгеруін мәтіннен тауып, оқимын.

### Құра



1. Сурет бойынша әңгіме құрап айтыңдар.



**Әзіл** – өмірдегі күлкілі оқиғаларды бейнелейтін жанр. Қазақтың ауыз әдебиетінде жеңіл әзілге құрылған шығарма жиі кездеседі. Мысалы: 2-3-сыныптарда Қожанасыр, Алдаркөсе туралы аңыз әңгімелерді, О. Әубәкіров, Ш. Смаханұлының шығармаларын оқыдың.

«Бестік» баға туралы түс» өлеңінен жеңіл әзіл аңғарылады.

### Түсініп оқы



2. Өлеңді мәнеріне келтіріп, рөлге бөліп оқыңдар.

#### «Бестік» баға туралы түс

Ұйықтап жатып түсімде  
Айға ұшып барыппын.  
Алыстағы жұлдыздың  
Ұстап бірін алыппын.



Жақын келіп жаз дидар  
 Күнге қарап сөйледім:  
 – Әй, асыл Күн, қарашы, –  
 Нұрдан менің көйлегім!  
 Күн сөйледі сол кезде:  
 – Көйлек саған не керек?  
 Қызым болшы сен менің,  
 Әкетейін жетелеп?!  
 – Беріңіз онда! – дедім мен, –  
 «Бестік» деген бағаны...  
 Күннен күнге сабағым  
 Қиын болып барады.  
 – Мә! Ал! – деген шоқ Күннің  
 Үні естілді көңілді.  
 Көбелектей көп «бестік»  
 Көктен сонда төгілді.  
 Қол жеткізген арманға  
 Біріне ұқсап батырдың,  
 «Бестіктерді» құшақтап  
 Құлдилап келе жатырмын.  
 Көк аспанда қалықтап,  
 Қызыққа әбден батыппын.  
 О бір кезде оянсам,  
 Үйде ұйықтап жатыппын!  
 Аша салып көзімді  
 «Бестіктерді» іздедім.  
 Қымбат баға маңымнан  
 Өшіріпті іздерін.  
 Қап, әттеген-ай!

Гүлнар Өмірзақова



3. Өлеңдегі оқиғаны 3-жақта (ол) әңгімелеп айт.
4. Қыз бала неліктен осындай түс көрді?



5. Кейіпкердің көңіл күйіндегі өзгерісті мәтіннен тауып, оқы.



6. Мұғалімнің көмегімен лайықты сөзді тауып, айт.

Оның ( несі?) ... су сепкендей басылды.

**Салыстыр**

7. Сурет бойынша құраған әңгімелеріңді мәтінмен салыстыр.

**Әңгімеле**

8. Өзің қиял-ғажайып түстер көрдің бе? Айтып бер.

**Қорыт**

9. Абай атаның:

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап»

деген сөзін негізге алып кейіпкерге не айтар едің?



Төмендегі сөздер қандай сезімді білдіреді?  
Мағынасына қарай сәйкестендіріп жаз.

Қап, әттеген-ай!

Шіркін-ай!

Түү!

Бәрежелді!

Па, шіркін!

Реніш	Қуаныш	Өкініш



## БЕЙБІТ ӨМІР ТАМАША!



Өлеңдегі негізгі ойды анықтаймын.  
Шығармашылық жұмысты түрлі формада ұсынамын.

### Әңгімеле



1. Суретке қарап, жер бетіндегі тыныш өмір туралы әңгімелеңдер.



### Тыңда



2. «Ақ көгершін» (әнін жазған – Н. Баймұхамедов, сөзін жазған – А. Жұбанов) әнін тыңдап, қосыла шырқаңдар.



**Оразақын Асқар** (1935–2019) – ақын. Шығыс Түркістан өлкесінің Іле аймағы Мүкей Қаратас жерінде дүниеге келген. Ақынның балаларға арнап жазған «Бала болғым келеді», «Рәміздерім», «Қазақпын», «Қорға, қазақ, тіліңді», тағы басқа өлеңдері бар.

## Түсініп оқы

## Жұлдыз тойы

Юрий ашып ғарышты,  
 Аймен адам танысты.  
 Мен ұшамын бетке алып  
 Есекқырған, Марсты.  
 Шолпан, Уран, Сатурн  
 Іздеп келе жатырмын.  
 Меркурий, Нептун, Плутон  
 Қарсы алатын батырмын.

Табылар бір тіршілік,  
 Көрем іздеп құлшынып.  
 Сыйға тартам жоқ болса,  
 Егіп өзім гүл, шыбық,  
 «Ғарыш қару қоймаға  
 Айналар» деп ойлама.  
 Соғыс емес, жұлдызда  
 Болады тек той ғана.

О. Асқар





### Талда

3. «Табылар бір тіршілік» деген кейіпкердің арманын түсіндіріп бер.
4. Ақынның басқа ғаламшарға бару туралы арманы орындалуы мүмкін бе?

### Анықта

5. Мына заттар – ақын үшін ненің белгісі?



6. Бейбітшіліктің белгісі ретінде суретке не қосар едің? Ойыңды жаз.

### Сипатта

7. Кестемен жұмыс.

Өлеңдегі кейіпкердің арманы қандай?	Суреттегі бала қиялынан туған ғаламшар қандай?
<ul style="list-style-type: none"> <li>• эпитет сөзбен сипаттаймын;</li> <li>• теңеу сөзбен сипаттаймын.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• эпитет сөзбен сипаттаймын;</li> <li>• теңеу сөзбен сипаттаймын.</li> </ul>

### Қорыт

8. Өлеңдегі негізгі ой қай шумақта айтылған? Оқып бер.
- «Тілегіміз – бейбіт күн» тақырыбына сурет сал.



## ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР



Тарау бойынша біліміңді тексеріп, бағалаймын.  
Өткен сабақтарды қайталап, есіме түсіремін.

1. Сұрақтың орнына тиісті сөзді қойып оқы.

«Осылайшы қанатты, бірақ қозғалтқышсыз ұшу аппараты – (не?) пайда болды».

Алғашқы планердің үлгісін (кім?) жасағаны белгілі.

2. «Ғарыш дәуірі Байқоңырдан басталды» деген сөздің мағынасын түсіндір.

3. Оқып, кестені толтыр.

Оған әлі ат қойылмапты. Ғарышқа аты жоқ жолаушы жіберуге бола ма? Болмайды ғой. Оған ат табуымыз керек болды.

Мәтіннің тақырыбы	Мәтіннің авторы	Мәтіннің жанры	Кім немесе не жайында айтылған?

4. Бұл ғарышкердің басынан өткен қиындық қандай жағдайға байланысты еді?



5. Сипаттамасын жаз.

Қапыда – ...

Мәртебесі – ...

6. Тапсырманы орында.

Ғарышкерлерді ата. Автордың жазған мәтіндерінің жанрын анықта (естелік, әңгіме, өлең, ертегі, мысал өлең).



7. «Жарайсың, Айдын аға!» өлеңінің авторын ата.

8. Өлең шумағын ұйқас сөздермен сәйкестендіріп оқы.

боламын

Таудай үлкен ... ,  
Мен бармақтай ... .  
Көктің жүзін ...  
Үлкен ғалым ... .

барлаймын

талабым

баламын

Жақан Смақов



9. «МИГ-29» – қандай ұшақ?

- а) жолаушылар ұшағы
- ә) әскери ұшақ
- б) ғарышкеме



10. Ғарышкер рөліне еніп, таңдаған тақырып бойынша «Ғарыштағы түскі ас», «Ғарыштағы салмақсыздық» тақырыбында таныстырылым жасаңдар.





## Нені білесің:

- ◆ Өлеңді зерттеп оқисың, мәтін мазмұнына жоспар құрасың.
- ◆ Мәтін бойынша ойыңды ортаға саласың.
- ◆ Сөйлеу барысында мақал-мәтелді қолданасың.
- ◆ Мәтіннің құрылымын анықтайсың.
- ◆ Шығармашылық жұмыстарды түрлі формада ұсынасың.
- ◆ Қатені түзетесің.
- ◆ Біліміңді бағалайсың.





## АРМАНДАР ОРЫНДАЛАДЫ



Өлеңді зерделеп оқимын.  
Қателерді тауып, түзетемін.

### Ойлан

1. Өткен замандағы адамдар болашақ туралы нені армандауы мүмкін?



### Салыстыр



2. Өткен күндерді қазіргі өмірмен салыстырып әңгімелеңдер.



**Бүркіт Ысқақов** (1924–1991) – ақын. Қарағанды облысы Нұра ауданы Көкмөлдір ауылында дүниеге келген.

«Отан», «Сенің Отаның», «Кім жүйрік?», т. б. өлеңдері бар. Орыс ақындарының шығармаларын қазақ тіліне аударған. Өлеңдері орыс, өзбек, татар, т.б. тілдерге аударылған.



## Түсініп оқы

## Қанатты қиял

Жазғытұрым. Жайлы кеш.  
 Аулақта отыр қарт ата  
 Қасындағы ұлына  
 Әңгіме, шерін тарқата.  
 «Шырағым, – деді ол, – ертеде  
 Ұшатын кілем болыпты.  
 Айшылық алыс жерлерге  
 Шапшаң жетіп қоныпты.  
 Адам оған ауыр жүк  
 Артып, көкке ұшыпты.  
 Кең аспанды аралап,  
 Айды, Күнді құшыпты.

Тыңдап сөзін атаның,  
 Оқуға жүріп ұл кетті.  
 Содан бері арада  
 Талай ай, күн, жыл өтті.  
 Қайтты бір күн баласы,  
 Самолетін самғатып.  
 Өнерімен ұшқыштық  
 Көрген жанды таңғалтып.  
 Осылайша, атаның  
 Қиялын сан ғасырлық  
 Шығарып біз шындыққа  
 Іс жүзіне асырдық.

Бүркіт Ысқақов



АБЗ

**Шер тарқату** – бұл жерде: әңгіме айту

## Зерделеп оқы



3. Қарттың әңгімесінен ертедегі адамның жақсы өмір туралы қиялын тауып, оқы.
4. Ақын өлеңнің тақырыбын неліктен «Қанатты қиял» деп атаған?



**Дәлелде**

5. Топта өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.

Тұжырымдар	Иә/жоқ
Қарттың баласына айтқаны: а) ертегі ә) шындық	

6. Қарт баласының болашағынан не күтеді?



7. Оқыған, тыңдаған өлеңдердегі кейіпкерлердің арманы орындалғанын қалай дәлелдейсің?

**Пікіріңді айт**

8. Кестемен жұмыс.

Тұжырымдар	Иә/жоқ
Өлең оқиғаға құрылған.	
Өлеңде кейіпкер жоқ.	
Өлең ауыз әдебиетінің үлгісі бола алмайды.	
Өлеңде аударуға болатын басқа тілден енген сөз бар.	

**Қорыт**

9. Баланың мамандық таңдауына не әсер етті?

оқу

өнер

еңбек

ата-анасының ақылы

талап

әкесінің жетелеуі

өз ақылы



Айтылуы мен жазылуына байланысты кестеден қате сөзді тап.

Айтылуы	Жазылуы
ұшқұш	ұшқыш
өнер	өнөр

**КЕЛЕШЕКТИҢ ҒЫЛЫМЫ**

Оқу түрлерін қолданамын.  
Шығармашылық жұмыстар жасаймын.

**Ойыңмен бөліс**

1. Қалай ойлайсыңдар, келешекте қай ғылым саласы өте қажет болады?



2. Ол туралы қандай ақпаратың бар?  
3. Өзің қандай пәндерді ұнатасың?

**Түсініп оқы**

4. Өлеңді рөлге бөліп оқыңдар.

**Алыптардың айтысы****Электр:**

– Жай отынан жаралғам,  
Найзағайдан нәр алғам.  
Көзді ашып-жұмғанша  
Кең әлемге таралғам.  
Қызмет етем адамға,  
Қолғанатпын маманға.  
Елгезекпін, ептімін,  
Іс тындырам табанда.  
Мейлі мақтап, даттаңыз,  
Менсіз жоқ зауыт, шахтаңыз.  
Орынынан жылжымас,  
Менсіз пойыз, автоңыз.

Ғарышқа ұшқан ана бір  
 Жерсерік пен корабль.  
 Күні жоқ менсіз оның да,  
 Нанбасаңыз, қара бір!  
 Әлемге қуат, әр бергем,  
 Жылылық, жарық, нәр бергем...

**Химия:**

«Жарармын, – деп, – керекке»  
 Мен де келдім көмекке.  
 Өзгерте алам, өзгерем,  
 Емеспін тек желөкпе.  
 Мен де керек бұйыммын,  
 Жасай білсең, үйіңмін.  
 Іше білсең, тамақпын,  
 Кие білсең, киіммін.  
 Ұшса ракета аспанға,  
 Қанат беріп жас жанға.  
 Мен де қарап жатқам жоқ,  
 Тиісті үлес қосқам да...

**Адам:**

– О, қуатты электр,  
 Сенсің қанат, серігім.  
 Химия да керек бір,  
 Қолғанатым, көрігім.  
 Бірің елге нұр төгіп,  
 Бөлейсің жұртты жарыққа.  
 Екіншіңнен тұр төніп,  
 Ырыс, байлық халыққа.  
 Менде – білім, сенде – күш,  
 Химияда – айла-әдіс.  
 Қол ұстасып үшеуіміз  
 Ұшамыз әлі Айға алыс.

Бүркіт Ысқақов





АБЗ

**Жай оты** – найзағай оты

**Іс тындырам табанда** – «лезде, тез жасаймын» деген мағынада

**Химия** – ғылым саласы

### Ізден



5. «Электр қуаты – тіршілік көзі» тақырыбы бойынша айналаңнан мысалдар ізде.



6. Химиялық зерттеулер туралы не естіп жүрсіңдер? Бұл зерттеулер не үшін қажет?



### Бағала

7. Адам өлеңдегі үш алыпты қалай сипаттап, бағалады?



8. Кейіпкерлердің рөліне еніп, пікірталасқа қатысыңдар.

### Қорыт

9. Кейіпкер Адам өзінің болашағына сенімді ме? Оқып бер.

10. Үш алыптың бірі болмаса, не болуы мүмкін?



«Тоңазытқыштың өкпесі» тақырыбында жоспар бойынша мысал құрап жаз немесе суретін сал.

Жоспар:

1. Тоңазытқыштың портреті
2. Тоңазытқыштың өкпесі
3. Тоңазытқыштың қуанышы





## ҚАЗЫНАЛЫ ЖЕРДІҢ БОЛАШАҒЫ



Түрлі дереккөзден ақпарат алып үйренемін.  
Автордың ойын мәтіннің деректерін келтіре отырып дәлелдеймін.

1. Сөздерді оқып, тақырыппен байланыстырып ойыңды айт.



**Тайыр Жароков** (1908–1965) – ақын, Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Жетібай ауылында дүниеге келген.  
«Күн тіл қатты», «Жыр қанаты», «Тасқын», «Тасқынға тосқын» атты шығармалары бар.

Түсініп оқы

### Мұнай

Каспийдің күміс көбік толқынындай,  
Бұрқанып жердің астын керней тулай,  
Арналы алып Ембі шыңырауынан  
Бұрқырап көкке шапшып шыққан мұнай.

Бұрғы сап жердің жетпіс қабатына,  
Ағызған мұнайды ер қайратына  
Сүйсініп, елім көкке шарықтаған  
Күш беріп самолеттің қанатына.  
Жайнаған біздің байтақ жер кенге бай,  
Тең келер біздің елге ел бар қандай?!  
Қанындай елдің соққан жүрегінің  
Шалықтап өмір көлі – жатыр мұнай.

Тайыр Жароков

### Дәлелде



2. Ақынның «Мұнай – өмірдің көлі» деген ойын түсіндіріңдер.

### Біліміңді қолдан

3. *Мұнай* сөзін естігенде еліміздің қай аймақтары есіңе түседі?



4. Ақынның мақтаныш сезімін білдірген сөздерін тауып, оқы.

### Түсініп оқы

#### Маңғыстау

Кеше батпақ, құба шөл –  
Маңғыстаудың даласы.  
Бүгін байлық тұмасы – ол  
Шүпілдеген шарасы.

Атқылатып тереңнен,  
Қақ жарып жер өзегін.  
Асырады кемерден  
Газ бен мұнай өзенін.

Алынбаған кені көп,  
Маңғыстаудың қойнында.  
Еңбекте озған ері көп,  
Жеңіс пенен той мұнда.

Әбубәкір Қайранов





**Білгенге маржан**

Мұнай дүниежүзінің көптеген елінде өндіріледі. Қазақстанда мұнай кен орындары Орал-Ембі және Маңғыстау мұнай алабында орналасқан. Мұнайдың шаруашылықтағы рөлі үлкен. Ол – сұйық отын өндіретін басты шикізат. Мұнайдан бензин, дизель майы, керосин, т.б. алынады.

5. Мұнайдан не алынады? Суретті пайдаланып, сұраққа жауап бер.



6. Өлеңдерде мұнайлы өлкенің бүгіні мен келешегі қалай сипатталған?

**Қорыт**

7. «Алынбаған кені көп,  
Маңғыстаудың қойнында»  
деген өлең сөзінен Маңғыстау өңірінің болашағы туралы не айтасың?



«Bilim land.kz» сайтынан «Мұнай деген – не?» атты бейнетаспаны көріп, әңгімелеуге дайындал.



## ЖАҚСЫ ТІЛЕКТЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ



Тыңдаған мәтін бойынша пікір білдіремін.  
Оқиға бөліктеріне ат қойып, жоспар құрамын.

### Орында



1. Суретке қара. Балаларға қандай тілек айтар едің?



2. Саған тілектердің қайсысы ұнады?

### Түсіндір

3. «Асығың алшысынан түссін!» деген тілектің мағынасын түсіндір.

### Түсініп оқы

## Жеті түсті желбір гүл

(ықшамдап алынды)

Ертеде «Женя» деген қыз болыпты. Бір күні анасы қызын дүкенге тоқаш алып келуге жібереді. Тоқаштарын сатып



алған Женя жан-жағына қарап келе жатты. Көзіне көрінген қарғаларды санады. Женяның артынан еріп келе жатқан ит оның сөмкесін тесіп, жол бойы тоқаштарын бір-бірлеп жеп қойған еді. Кенет Женя өзінің сөмкесі жеп-жеңіл болып қалғанын сезді. Итті қуа жөнелді. Ит жеткізбеді, бірақ Женя өзі жолдан адасып кетті...

Бір кезде, қайдан шыққаны белгісіз, дәл алдында бір кемпір пайда болды. Ол Женяны жұбатып:

– Ештеңе етпейді, менің бағымда бір сиқырлы гүл өседі. Оның аты – жеті түсті желбір гүл. Оның қолынан бәрі келеді. Жан-жағыңа жалтақтап ойнап кететіңізге қарамастан, сен жақсы қызсың. Осы гүлді саған сыйлаймын. Оның жеті күлтесі бар. Әрқайсысы әр түсті: қызыл, қызғылт сары, қызғылт, сары, жасыл, көк, күлгін. Бұл жеті күлтелі желбір гүл – жай гүл емес, – деді кемпір. – Ол сенің барлық тілегіңді орындай алады. Оның бір күлтесін жұлып алып:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,

Осы жерге түс!» – деу керек. Содан кейін тілегің лезде орындалады.



– Ал, кәне, көрейік жеті түсті желбір гүлді! – деді Женя. Ол гүлдің бір сары күлтешесін жұлып алып, асыға лақтырып жіберді де:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,

Осы жерге түс! Мен тоқаштарыммен лезде үйімде болайын!» – деді.

Айтып үлгергені сол еді, ол тоқаштарымен үйінен бір-ақ шықты.

Женяның бойы аса ұзын емес еді. Ол орындыққа шығып, жоғары сөредегі анасының әдемі құмырасын алуға ұмтылғанда, саусақтары іліп кетіп құмыра еденге түсті де быт-шыт болып сынды. Ол сиқырлы гүлдің қызыл күлтешесін асыға жұлып, лақтырып жіберді де:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,

Осы жерге түс! Анашымның сүйікті құмырасы бүтінделетін болсын!» – деді.

Сол сәтте құмыра сынықтары жиналып, бұрынғы қалпына келе қалды.

Женя аулаға шығып, ұлдардың ойнап жатқанын көрді. Ол:

– Сендермен бірге ойнайыншы, – дейді. Бірақ ұлдар:

– Қыздармен «Солтүстік полюс» ойнамаймыз, – деп Женяны ойынға қоспады.

Женя ұлдардан ары таман тұрып, қалтасынан көк күлтешені жұлып алып, лақтырып жіберді де:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,


Осы жерге түс! Мені Солтүстікке полюске жеткіз!» – деп бұйырады.

Айтқаны сол еді – айнала қап-қараңғы, қорқынышты боп кетті.

Құйынды желден аяғының астындағы жер дөңгелене жөнелгендей болды. Солтүстік полюсте жападан-жалғыз өзі, үсіп-жаураған саусақтарымен жасыл күлтешені жұлып алып, лақтырып жіберді де:

«Гүл күлтесі,  
Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!  
Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,  
Осы жерге түс! Өз аулама қайта жеткіз!» – деді.  
Сол сәтте-ақ ол өз ауласына топ ете түсті.

В.П. Катаев «Жеті түсті желбір гүл»  
Аударған – Ә. Біржанқызы

-  4. Оқиға қалай басталды?  
5. Женя Солтүстік полюс туралы алдын ала білді ме?  
6. Ертегіде кейіптеу кейіпкері бар ма?

### Бағала

7. Сұрақтарға жауап бер.

Ертегідегі кемпірдің ойынша, Женя – қандай қыз?  
Сенің ойыңша, Женя – қандай қыз?

### Пікіріңді айт

8. Женяның қай тілегі үшін гүл күлтесін жұмсамас едің?  
9. Ертегінің мазмұнына қарай түрін анықта.

### Қорыт

10. Женяның орнында болсаң, не тілер едің?



Ертегі мазмұны бойынша жоспар құрып жаз.

**ЖЕТІ ТҮСТІ ЖЕЛБІР ГҮЛ**

Шығарманы басқа үлгідегі нұсқамен салыстырамын.  
Шығарманы басқаша құруды үйренемін.

**Түсініп оқы****Жеті түсті желбір гүл**

*(ертегінің жалғасы)*

Женя ұлдардан көңілі қалып, ауланың басқа жағындағы қыздармен ойнауға кетті. Қараса, қыздар алуан түрлі ойыншықтармен ойнап жүр екен.

**Болжа**

Женя енді қандай тілек айтуы мүмкін?

Қызғанғаны сонша, қызғылт күлтешесін алып:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,

Осы жерге түс! Жер бетіндегі барлық ойыншық менікі болсын!» – деді.

Сол сәтте-ақ жан-жағына ойыншықтар қаптап кетті. Бүкіл аула, екі көшенің бойы – бәрі қуыршақтарға толды. Бұған басында қуанып, содан кейін қаптаған ойыншықтан сасқалақтаған Женя не істерін білмей, күлгін күлтешесін ала салып, лақтырып жіберді де:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,

Осы жерге түс! Барлық ойыншық дүкенге қайтсын!» – деп жалынды...

Сол сәтте-ақ ойыншықтар зым-зия жоғалды...





Женя қолындағы гүліне қараса, жалғыз күлтесі қалыпты. Алты күлтешесін мәнсіз жұмсап қойыпты.

Ол баққа серуенге шығып еді, қақпаның алдындағы орындықта сүп-сүйкімді бала отыр екен. «Бұзық бала емес сияқты» деп ойлаған Женя онымен таныспақшы болды.

– Атың кім?

– Витя. Өзіңдікі ше?

– Менің атым – Женя. Кеттік, қуаласпақ ойнайық.

– Мен жүгіре алмаймын, аяғым жарамайды.

– Қандай өкінішті! Сенімен ойнағым кеп еді! – деді Женя.

– Менің де сенімен ойнағым келеді, бірақ ол мүмкін емес. Мен енді өмір бойы жүгіре алмаймын, – деді бала.

### Болжа

Оқиға қалай аяқталуы мүмкін?

– Ол – не дегенің! – деп, Женя қалтасынан соңғы көк күлтешені суырып алды.

Бір сәт көзіне басып тұрды да күлтешені саусағына қысып тұрып, дірілдеген нәзік даусымен:

«Гүл күлтесі,

Солтүстік пен оңтүстікке, батысқа, шығысқа ұш!

Айналып кеп алдыма, айтқанымды орында,  
Осы жерге түс! Витяның аяғы жазылсын, дені сау бол-  
сын!» – деді.

Сол сәтте-ақ Витя орнынан атып тұрып, Женямен жүгі-  
ріп ойнап кетті. Жүгіргені сонша – Женя қанша тырысса да,  
оны қуып жете алмай қалды.

В.П. Катаев «Жеті түсті желбір гүл»  
Аударған – Ә. Біржанқызы

- ?** 1. Автордың: «Алты күлтешесін мәнсіз жұмсап қойыпты» деген сөзімен келісесің бе?  
2. Женя Витяның өмірін қалай өзгертті?

### Бағала

3. Женяның тілектеріне қарай сипатта.  
4. Саған оның қай тілегі ұнады?  
5. Ертегідегі кемпірдің Женя туралы айтқанын есіңе түсір.

### Анықта

6. Ертегіде кейіпкердің көңіл күйі қалай өзгерді? Оқиғаларды реті бойынша есіңе түсіріп, әңгімеле.



### Пікіріңді айт

7. Ертегінің осылай аяқталғаны саған ұнады ма?  
8. Женя сияқты адамның болашағы туралы пікіріңді жаз.

### Қорыт

9. Ертегінің мазмұнына қарай сабақтың басындағы тілектеріңді өзгерткің келе ме? Себебін түсіндір.



Мәтін мазмұны бойынша жоспар құрып жаз.



## ӨТІРІКШІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ



Қиял-ғажайып оқиғаға өтірік әңгіме құраймын.  
Сөйлеу барысында мақал-мәтелді қолданамын.

### Орында



1. Суретке қарап, Алдарбайдың қиял-ғажайып ойларымен «саяхат» жасаңдар.



### Сөйлесейік



2. Қалай ойлайсың, қайсысы шындыққа жақын?  
3. Бұл өтіріктердің зияны бар ма?

### Түсініп оқы

## Қалықта, ұшқыш кілемім!

(өтірік өлең)

Астымда – ұшқыш кілемім,  
Үстінен өттім Іленің.  
Шоршып ойнақ салады  
Дельфинің мен түленің.



Көз сап мендей балаға,  
Арыстан тұр далада.  
Қолтырауын қорылдап,  
Ұйықтап жатыр жағада...

Топырағы тоңбайды,  
Жапырағы солмайды.  
Өйткені бұл өңірде  
Қыс атымен болмайды.

Керік көлге қарады,  
Кекілін кері тарады.  
Қонжық, қозы, бөлтірік  
Қол ұстасып барады.

Көнеден жеткен кез еді,  
Зіл мен піл түзді кезеді.  
«Мені де ала кетші!» – деп,  
Қол созды қоян көжегі.

Қабыл ап бала тілегін,  
Қалықта, ұшқыш кілемім!  
Сен ұшқан сайын әлемнің  
Көп сырын ұғып білемін!

Бақыт Бұқарбек



АББ

**Түлен** – итбалық  
**Зіл** – мамонт

?

4. Кейіпкер Іле өзенінің бойынан қандай кереметтерді көрді?
5. Көп өтіріктің ішінде қай сөзі шындыққа жақын?
6. Адамның ұшқыш кілеммен ұшу туралы арманы қалай орындалды?



**Өтірік өлең** мазмұны өмірде болмаған, қызықты қиял-ғажайып оқиғаларға толы. Өтірікке құрылған ертегі көп. Мысалы: Тазша бала мен Алдаркөсе – өтірік айтудың нағыз шебері. Қазіргі ақындар шығарған күлдіргі, қиыннан қиыстырылған өтірік өлеңдер көбінесе балаларға арналып жазылады.

### Тыңда



7. Өтірік өлеңдерді тыңда. Өзің де бір ауыз өтірік өлең құрастырып көр.

### Зерделеп оқы

8. Өлең шумағының ұйқасын әріппен белгіле (а, ә).

Қабыл ап бала тілегін, Қалықта, ұшқыш кілемім! Сен ұшқан сайын әлемнің Көп сырын ұғып білемін!	1) - а 2) - ... 3) - ... 4) - ...
---	--

### Қорыт

9. Бір тұжырымды таңдап, өз ойыңды айт.

- Өтірік айтып, қиялдай білу қызық.
- Өтірікті құрастыру – үлкен шеберлік.
- Өтірік өлеңдер – болашақ туралы арман, қиял.



«Өтірік өлеңдегі адамның арманы» тақырыбына қысқаша ойыңды жаз.

Өтірік айтудың зияны туралы мақал-мәтел жаз.



## РОБОТТЫҢ БОЛАШАҒЫ



Шығарма мазмұны бойынша сұрақтар қоямын, сұрақтарға жауап беремін.

### Ойлан

1. Суреттегі болашақтың роботтарына қандай сұрақ қояр едің?



### Әңгімеле

2. Тұрмыстық техника құралдарының жұмысымен байланыстырып, роботтың әрекетін қалай түсіндірер едің? Етістік сөздерді пайдаланып, әңгімеле.

пісіреді

қаптайды

жуады

**Робот**

кептіреді

жинайды

құйып,  
жабады

### Пікіріңді айт



3. Адам өмірі болашақта роботтармен қалай байланысты болмақ?



**Білгенге маржан**

Робот адамның (жануарлардың) қызметтері мен іс-әрекеттерін ішінара немесе толық атқарады. Алғашқы роботтар адамның қозғалысы мен сырт пішінін қайталады. Олар ойын-сауық мақсаттарында пайдаланылды. Қазіргі кезде көптеген тұрмыстық қызметтерді атқаратын, қадағалайтын, мүгедектер мен сәбилерге көмекші, т.б. роботтар жасалды.

Робот адамдарды бірсарынды ауыр, зиянды, су астында, ғарышта істелетін жұмыстардан босатып, үнемі жетілдіріліп келеді.

**Түсініп оқы****Кішкентай робот туралы ертегі**

Ерте заманда бір кішкентай робот өмір сүріпті. Басқа роботтар сияқты оны да зауытта жасап шығарған еді. Ол балалар мен үлкендерді алдандырды, үй шаруасына көмекші болып, бір үйде өмір сүріп жатты. Кішкентай

робот электрондық миына салынған қатаң бағдарлама бойынша әрекет етуге тиіс еді.

Әке-шешесі жұмысқа, балалар мектеп пен балабақшаға баратын таңғы сегізде кішкентай робот музыканы қосып: «Тұратын уақыт келді! Таң атты, көп ұйықтауға болмайды!» – дейтін. Ал кешке, барлығы үйге қайтып келгенде, әңгімелер айтып, күлдіретін. Жатар алдында балаларға ертегі айтып, ұйықтататын. Осының бәрі күн сайын қайталанатын.

Кейде, мейрам кезінде, бүкіл отбасы үйде болады. Кішкентай робот олармен бірге кәдімгі адам сияқты күліп, қуанғысы келеді. Бірақ ол – тек жансыз темір еді. Кішкентай робот өзінің ешқашан адам бола алмайтынын білді. Оның темір мен пластмассадан жасалған денесі адамға ұқсайтын, бірақ ең басты нәрсе – жүрегі жоқ еді. Сондықтан ерте ме, кеш пе – тетіктері сыр берері сөзсіз.

Тапсырманы орындамаса, оны жөндеу шеберханасына, тіпті қоқысқа апарып тастайтынын кішкентай робот түсінеді. Енді ол бұрынғыдай өмір сүре алмады.

Бірте-бірте ол үлкен үйде жиі-жиі жалғыз қалып, ешкімге керек емес екенін сезінді. Тіпті ең жақын деген достары да әзіліне мән бермейтін болды. Кішкентай робот бір таңғажайып нәрсе жасағысы келді.

Бір күні таңертең үйдегілер кетіп қалғанда кішкентай робот далаға шығып, балалар ойнайтын аулаға келді. Айнала – тапталған, шашылған қоқыс. Кішкентай робот ойланбастан іске кірісті. Бүкіл қоқысты жинап, орындықтарды тазалады. Аналар мен әжелер балаларын қарап отыруға ыңғайлы болуы үшін көлеңкелі екі орын жасап, жарты сағаттың ішінде аулада гүлдер отырғызды. Кенет:

– Ей, бала, атың – кім? – деген біреудің нәзік даусын естіді.



Кішкентай робот бұрылып карағанда әдемі, ұзын шашты, он-он бір жастағы қызды көрді. Кішкентай робот сүйсініп қарады. Қыз да күлімдеп қарап тұр...

– Мен кішкентай роботпын, – деді ол.


– Сен қайдағы роботсың? – деп қыз күлді. – Сен кәдімгі баласың ғой. Қарашы түріңе: шалбарыңды жыртып алыпсың, мұрның кір...

Кішкентай робот төмен қарап, тұрып қалды: темір аяқтарының орнына көк шалбар киген кәдімгі адамның аяғын көрді... Екі ілгіш тәрізді қолдарының орнынан әдемі саусақтары мен ұзын қолдарын көрді. Робот жердегі шалшық суға қарады. Судан оған мұрны кір-кір белгісіз бала қарап тұрды.

– Мен сені «Миша» деп атаймын, келісесің бе? – деп сұрады қыз. – Қандай керемет! Сен – Миша, ал мен – Маша. Жарасып-ақ тұр!

Ол басын изеді. Маша оның қолынан ұстады. Олар қаланың бұрын көрмеген жерлерін аралауға жүгіре жөнелді.

Эрнест Ильин  
Аударған – Ә. Біржанқызы

-  4. Кішкентай роботтың сыртқы бейнесі қандай?  
5. Робот неліктен күнделікті өміріне риза болмады?  
6. Ертегіні оқығанда қандай сезімде болдың?

-  7. Ертегідегі қиял-ғажайып сәттерді әңгімеле:

- а) Кішкентай Роботтың жасалуы.  
ә) Роботтың кәдімгі балаға айналуы.  
б) Адам сияқты сезімін білдіруі.

### Бағала

8. Ертегінің осылай аяқталғаны саған ұнады ма?



## Білгенге маржан



**Робот** – қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғары технологиясы. *Робот* (чех тілінен аударғанда *robot, robota* – еріксіз еңбек, *rob* – құл) деген сөзді чех жазушысы К. Чапек ойлап шығарған. Ол алғашқыда «шебер адам» мағынасында қолданылды.



9. Кішкентай роботтың қимыл-қозғалысын, ым-ишарасын келтіріп, топ болып билеңдер.



## Қорыт

10. Кішкентай роботтан қандай үлгі алар едің?



«Менің болашақ Робот досым» деген тақырыпта қиял-ғажайып мазмұнды сурет сал немесе қиял-ғажайып әңгіме жаз.



## 98 ҒАЖАЙЫПТАР ЕЛІНЕ САЯХАТ



Мұғалімнің көмегімен мәтіннің құрылымын анықтаймын.  
Кейіпкердің іс-әрекетін бағалаймын.  
Түрлі шығармашылық жұмыс дайындаймын.

### Есіңе түсір



1. Бұл заттардың қиял-ғажайып ертегі кейіпкерлерімен қандай байланысы бар?



### Дәлелде

2. Фантастикалық шығармалардағы кейіпкердің ерекшеліктерін ата.
3. Бір фантастикалық кейіпкердің іс-әрекеті арқылы дәлелде.



**Рудольф Эрих Распе** (1736–1794) – жазушы әрі геолог. Ганновер қаласында дүниеге келген. Жазушы «Мюнхгаузеннің хикаялары» туындысымен дүниежүзі оқырмандарына таныс.

## Түсініп оқы

## Айға алғашқы сапар



...Түркияда тамыры топыраққа тисе болды, сонау зеңгір көкке дейін өрмелеп, тез өсетін бақша өсімдігі бар еді. Бұл – түрік бұршағы. Сол бұршақты тауып алып, дереу топыраққа тамырын тигізіп едім, көз алдымда қаулап алды да кетті.

Әлгі өлермен өсімдік өршелене зымырап өсті де бір күні тура Айға жетті.

– Ура! – деп айғай салдым да әлгімен өрмелеп, көкке шыға бастадым.

Айға барған соң балтамды оңайлықпен таба алмадым. Ай да, балта да күміс түстес. Күміс үстінде жатқан күміс көріне қоймайды екен. Тентіреп жүріп, әйтеуір, балтамды шіріген сабанның үстінен тауып алдым. Балтаны дереу белбеуіме қыстыра салып, жерге түспекші болдым. Бұршақтың сабағын күн күйдіріп жіберсе керек, қолым тигенде-ақ қаудырап шашылып түсті.

Есім шыққаны сонша, еңіреп жылап жібере жаздадым.

Не істеу керек? Не айла бар? Жерге жетпей, Айда қалып қойғаным ба?! Қалайша мен өмір-бақи адыра қалған Айда қалып қоймақпын? Жоқ, ол болмас! Жерге жету керек! Әлгі шіріген сабаннан арқан еспек болдым.



«Бұ – не деген қырсық!» – десеңші, ескен арқаным онша ұзын болмады. Қысқа да болса, сол арқанмен ептеп жерге түсе бастадым. Бір қолымда балта, бір қолыммен сырғып түсіп келемін.

Бір кезде арқан таусылды да мен жер мен көктің арасында салбырап тұрдым да қалдым.

### Болжа

Кейіпкер не ойлап табуы мүмкін?

Жүрегім тас төбеме шықты. Бірақ көкең былқ еткен жоқ. Арқанның төменгі ұшынан мықтап ұстап тұрып, балтамен арқанның бас жағынан кесіп алдым. Сосын арқанның бас жағын өзім мықтап ұстап тұрған аяқ жағына байлады. Осылай жерге түсуге амал таптым.

Алайда жерге дейін ит өлген жер еді. Ертеден қара кешке дейін арқанның басын кесіп алып, аяғына жалғаумен күн өтті. «Өлдім-талдым» дегенде, қаланың үйлері көрінетін тұсқа жеттім-ау! Жерге дейін шамасы төрт-бес шақырымдай-ақ қалған болуы керек.

Бір кезде, «Өлді» деген – осы, арқаным бырт етіп үзілді де кетті. Соншама екпін, соншама салмақпен гүрс ете түскенімде жерге жарты шақырым кіріп кетіппін.

Есімді жисам, терең шұңқырда жатырмын. Ал енді бұл зынданнан қалай шығу керек? Күнұзақ дәм татпай, қалай шығудың жолын ойлады. Оны да таптым! Тырнағыммен шұқылап отырып текше жасадым да сол текшемен жүгіріп жер бетіне шықтым.

Бұл Мюнхгаузен көкең өлмейді!

Р.Э. Распе,

аударған – Оспанхан Әубәкіров

АББ

**Өлермен өсімдік** – ештеңеге қарамай өсе беретін өсімдік  
**Былқ етпеу** – қорқып, сасқалақтамау  
**Адыра қалған** – иесіз, құлазып жатқан  
**Ит өлген жер** – тым қашық, алыс жер

### Әңгімеле



4. Мәтіннің кез келген бөлігін әрі қарай жалғастырып әңгімеле.

Оқиғаның басталуы
Оқиғаның дамуы
Оқиғаның шиеленісуі
Оқиғаның шарықтау шегі
Оқиғаның аяқталуы

5. Оқиғаның ең күлдіргі сәттері қай бөлігінде? Оқиғаның ең қорқынышты сәттері қай бөлігінде?

### Талда

6. Қиын жағдайға тап болған кейіпкерден өзіңе қандай үлгі алдың?

7. Жазушыға қандай сұрақ қояр едің?

### Құра

8. Мұғалімнің көмегімен сипаттап жаз.

*Ит өлген жер – ...*

*Зындан – ...*

### Қорыт

9. Жазушының шығармасынан саған не ұнады?



Мәтінге суреттер топтамасын дайындаңдар.



## БОЛАШАҚТЫҢ КІТАБЫ



Ертегіні 1-жақта өзгертіп баяндаймын.  
Түрлі дереккөзден ақпарат аламын.

### Есіңе түсір



1. Алғашқы кітаптардың қалай жасалғаны туралы не білесіңдер?



2. Қазіргі кезде кітаптың қандай түрлері бар?

### Болжа

3. Болашақта кітаптар қандай болып шығуы мүмкін?



**Джанни Родари** (1920–1980) – жазушы. Италияның Оменья қаласында дүниеге келген. «Чиполлиноның басынан кешкендері» атты ертегісі дүниежүзі оқырмандарына таныс.



## Түсініп оқы

## Оқу кәмпиті

(ертегі)



«Би» ғаламшарында кітап жоқ. Бұл ғаламшарда білімді құтыға құйып сатады, сатып алады. Мысалы: тарих – анар шырынына ұқсаған алқызыл су. Жасыл түсті жалбыз шөбінің суы – география, дәмі минерал суды еске түсіретін түссіз сұйық – грамматика.

Бұл ғаламшарда мектеп болмайды. Әр бала өз үйінде оқиды. Барлық бала жасына қарай таңертеңгілік бір стақан «тарихты» ішуі керек. Бірнеше қасық «математика» ішуі керек. Сол сияқты жалғаса береді.

Қараңдаршы, балалар бәрібір осыны да қиынсынып, қырсығады.

– Ақылың бар ғой! Зоология қандай тәтті екенін білмейсің бе? – деп үгіттейді анасы. – Ол тәтті, өте тәтті! Сұрашы өзің Каролинадан. (Каролина – үйдегі электронды робот).

Каролина құтыдағы сұйықты шын ниетімен ішіп көруге келісті. Ол стақанға аз-маз сұйықтық құйып алып, тамсанып іше бастады.

«Неткен дәмді!» – деп, алған білімін сол жерде-ақ әңгімелеп айта бастады. Сиыр – күйіс қайыратын, айыр тұяқты, шөппен қоректенетін, бізге шоколад сүтін беретін жануар.

– Көрдің бе, эне, – деді риза болған пішінмен шешесі.

Бала көнді. Әңгіме мүлде зоология жайында емес, балық майы жайында ғой деп күдіктенді. Өз-өзінен батылданып, көзін жұмып тұрып, жан-жағындағы қол шапалақтаушылардың қошеметімен сабақты демде жұтып салды.

Әрине, мұнда ынталы оқушылар да бар екенін білеміз. Тырмысып, талаптанып оқитындар, тіпті, оқуға өте құмарлар да бар.

Олар түн ортасында тұрып, тарих құтысын ақырын ғана алып, бір тамшы қалдырмай ішеді. Сондықтан бұл балалар өте білімді болып шығады.

Балабақшаға баратын балаларға арналған оқу кәмпиттері бар. Дәмі ананас немесе құлпынайға ұқсайды. Бұлар – шағын тақпақтарды, күн, апта атауларын, бірден онға дейінгі сандарды үйрететін оқу кәмпиттері еді.

Менің ғарышкер досым маған ескерткіш ретінде бір кәмпит әкеп берді. Мен оны қызыма бердім. Сол сәтте-ақ қызым «Би» ғаламшарының тілінде жазылған тақпақтарды жатқа оқи бастады. Ол өлең мынадай еді:

Анта, анта, перо, перо,  
Пинта, пинта, пим перо!

Әрине, мен ештеңе түсінбедім.

Джанни Родари «Ертегілер»  
Аударған – Ә. Біржанқызы

4. Ертегі мазмұнын 1-жақта өзгертіп баянда.
5. «Би» ғаламшарының ғажайыптарын әңгімелеңдер.

### Түсіндір



6. «Қараңызшы, балалар бәрібір осыны да қиынсынып, қырсығады» деген автордың сөзін қалай түсіндіңдер?



7. Ғарышкер сыйлаған кәмпиттен оқыған өлеңді кім түсінді?

Әкесі

Қызы



8. Сен қай ғылымды осылай құтыға құйып алуға келісер едің? Суретін салып, жаз.



**Пікіріңді айт**

9. Кестемен жұмыс.

Бұл ертегінің қай түріне жатады?

Ойынды дәлелде.

Ертегі кейіпкерлерін ата.

**Қорыт**

10. Мұндай оқулықтар саған ұнай ма?

а) Ұнайды, себебі ...

ә) Ұнамайды, себебі ...



Ертегі мазмұны бойынша жоспар құр.



**ЖОБА САБАҚ**

Ойымды білдіремін, пікірімді ортаға саламын, жазамын, сөзжұмбақ құрастырамын, көмектесемін, көмек сұраймын, өзімді бағалаймын.

Құрметті оқушым! «Әдебиеттік оқу» пәнінен ел қорғаған батырлар жайлы, өзің сияқты балалар өмірі, Жер, аспан, ғарыш, табиғат, болашақ туралы небір қызық мәтіндермен таныстың.

«Әдебиеттік оқу» сөздік қорыңды байыта түсті. Ең бастысы – оқып, жазып, тыңдап, ойыңды айтып үйренгеніңе қуанамыз! Кейіпкер рөліне еніп сөйледің. Эссе жазып, пікіріңді білдірдің. Көркем әдебиеттің түрлерімен, мәтіннің авторларымен таныстың.

Білім жолындағы сапарың сәтті болсын!

Жобаның тақырыбын таңда.

**Тақырыптар****«Алтын ұям – ауылым/қалам/отаным»**

Эссе жаз немесе фотоальбом жаса. Мәтініңдегі теңеу, эпитет сөздердің астын сызып қой.

**«Ұлттық құндылығымызбен мақтанамыз»**

Үлкендердің көмегімен өз өлкеңдегі мәдени мұра орындары туралы ақпарат дайындап, хабарлама жаса. Қазақстан Республикасындағы көне ескерткіштер туралы сөзжұмбақ құрастыр.



### «Болашақ мектептің оқушысы»

Оқу құралдарының болашағы туралы таныстырылым дайында.



### «Табиғат менің көзіммен»

Қағаз қалдықтарын жинаудың пайдасы туралы постер жаз.

Немесе хрестоматиядан, басқа дереккөздерден оқыған мәтіндер бойынша тележурналшы ретінде хабар дайында.



«Кім болам?» тақырыбында эссе жаз. Сол мамандық бойынша таныстырылым дайында.

Рөлге еніп, мамандықтар айтысына қатыс.



Өз жұмысыңды бағала.

1. Мен бұл тақырыпты неге таңдадым?
2. Тапсырманы дайындауға қанша уақыт кетті?
3. Мен кімнен көмек сұрадым?
4. Мен неден (сөйлеуден, жазудан ...) қиналдым?
5. Жазу сауаттылығым туралы пікірім қандай?
6. Жобаны орындау барысында қандай әсер алдым?





## ӨЗІҢДІ ТЕКСЕР



Тарау бойынша біліміңді тексеремін.  
Мәтіндерді еске түсіремін.

### 1. Кестемен жұмыс.

<p>Оқып, өлеңнің тақырыбын ата.</p> <p>«Шырағым, – деді ол, – ертеде Ұшатын кілем болыпты. Айшылық алыс жерлерге Шапшаң жетіп қоныпты.»</p>	<p>Қай кейіпкердің сөзі?</p>	<p>Кейіпкер сөзін кімге арнап айтып отыр?</p>
---	------------------------------	---

2. «Алыптардың айтысы» мәтініндегі кейіптеу кейіпкерлерін ата.

3. «Мұнай теңізі» өлеңінің авторы – кім?

4. «Жеті түсті желбір гүл» ертегісіндегі фантастикалық кейіпкерлерді ата.

5. Кестемен жұмыс.  
Ойланып жауап бер.

<p>Мәтіннің тақырыбын анықта.</p>	<p>Көп нүктенің орнына қай сөзді қоясың?</p>
<p>Түркияда тамыры топыраққа тисе болды, сонау зеңгір көкке дейін өрмелеп, тез өсетін бақша өсімдігі бар еді. Бұл – ... .</p> <p>Алайда жерге дейін ... өлген жер еді.</p>	<p>«қазақтың жусаны еді» «түріктің бұршағы еді» «қарға»; «ит»</p>

6. Робот сөзіне «бес жолды өлең» жаз.



7. Р.Э. Распе қай елдің жазушысы?

8. Пікіріңді білдір.

Сұрақтар	Иә/жоқ
– Болашақтың оқушысына арнаулы мектеп киімі, сөмке керек пе?	
– Болашақтың оқушысына қазіргідей кітап керек пе?	



9. «Біздің болашағымыз бейбіт өмірде» атты постер дайындаңдар. Немесе балалардың атынан «Болашаққа хат» жазыңдар.

## ГЛОССАРИЙ

**Әзіл** – өмірдегі күлкілі оқиғаларды бейнелейтін көркем шығарма. Қазақтың ауыз әдебиетінде жеңіл әзілге құрылған әңгімелер жиі кездеседі.

**«Байқоңыр» ғарышайлағы** 1955 жылы салына бастады. Ол Қызылорда облысының Төретам ауылына жақын жерде орналасқан. Ең алғашқы жасанды жерсерік, ең алғашқы адамзат баласының ғарышқа жолы осы Байқоңырдан басталды. Сондықтан «Байқоңыр» «жұлдызды қала» деп аталып кетті.

**Ғарыштық тағам** – ғарышкерлерге дайындалатын арнайы тағам. Ғарышқа ұшу жағдайында бұл тағамдарды сақтау, пайдалану қиындық тудырмайды. Бұл тағамдар сықпақұтыға салынған.

**Естелік** – күнделік, жолжазбаға ұқсайтын әдеби шығарма. Өмірде болған тұлғалар мен оқиғалар жайында куә болған адамдардың әңгімесі.

**Өтірік өлең** – қазақ халқының тұрмыс-салтына байланысты шығарылған өлең. Оның мазмұны өмірде болмаған, қызықты қиял-ғажайып оқиғаларға толы. Өтірікке құрылған ертегі көп. Мысалы: Тазша бала мен Алдаркөсе – өтірік айтудың нағыз шебері. Қазіргі ақындар шығарған күлдіргі, қиыннан қиыстырылған өтірік өлеңдер көбінесе балаларға арналып жазылады.

**Постер** – жарнама, хабарландыру. Көзге бірден түсетін ірі форматты, шағын мәтін. Оның ерекшелігі: а) көрген кезде не туралы екені бірден түсінікті болады; ә) мәтіні қысқа, жеңіл болып келеді.

**Робот** – қарқынды дамып келе жатқан болашақтың жоғары технологиясы. *Робот* (чех тілінен аударғанда *robot, robota* – еріксіз еңбек, *rob* – құл) деген сөзді чех жазушысы К. Чапек ойлап шығарған. Ол алғашқыда «шебер адам» мағынасында қолданылды.

**Сауалнама** – сұраққа жауап беру немесе сұраққа жауап алу арқылы ақпарат жинау.

Алматыкітап



## МАЗМ(НЫ

### VII. ҒАРЫШҚА САЯХАТ

Бізді мазалаған сұрақтар.....	5
Ғарышайлақ .....	9
Ғарышқа сапар .....	12
Не ауыр, не жеңіл? .....	16
Ғарыш жолы жалғасады .....	19
Күміс қанат ұшақтар .....	23
Ғарыштан адам не іздейді? .....	27
Ғарышкермен сұхбат.....	30
Ғарышкердің ас мәзірі.....	33
Біздің ғажайып түсіміз.....	37
Бейбіт өмір тамаша! .....	40
Өзіңді тексер .....	43

### VIII. БОЛАШАҚҚА САЯХАТ

Армандар орындалады .....	46
Келешектің ғылымы .....	49
Қазыналы жердің болашағы .....	52
Жақсы тілектер еліне саяхат.....	55
Жеті түсті желбір гүл .....	59
Өтірікшілер еліне саяхат .....	62
Роботтың болашағы.....	65
Ғажайыптар еліне саяхат .....	70
Болашақтың кітабы .....	74
Жоба сабақ .....	78
Өзіңді тексер .....	80
Глоссарий .....	82

Оқулық басылым    Учебное издание

**Муфтибекова Зубайда  
Рыскулбекова Асима**

**ӘДБИЕТТІК ОҚУ  
3-бөлім**

**ЛИТЕРАТУРНОЕ ЧТЕНИЕ  
Часть 3**

Жалпы білім беретін мектептің  
4-сыныбына арналған оқулық

Учебник для 4 класса  
общеобразовательной школы

Әдіскер – *Ф.С. Лекерова*  
Редактор – *Ә.Б. Орынбаева*  
Көркемдеуші редактор – *Т.В. Толыбекова*  
Суретші – *А. Тұрысбеков*  
Компьютерде беттеген – *С.М. Ахметова*

Методист *Ф.С. Лекерова*  
Редактор *А.Б. Орынбаева*  
Художественный редактор *Т.В. Толыбекова*  
Художник *А. Тұрысбеков*  
Компьютерная верстка *С.М. Ахметовой*

Алматыкітап

Басуға 13.02.2019 ж. қол қойылды.  
Пішімі 70x100  $\frac{1}{16}$ , Офсеттік басылым.  
Әріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз.  
Тапсырыс № 2059.

Подписано в печать 13.02.2019 г.  
Формат 70x100  $\frac{1}{16}$ . Печать офсетная.  
Гарнитура «Школьная». Бумага офсетная.  
Заказ № 2059

Қазақстан Республикасы,  
«Алматыкітап баспасы» ЖШС  
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,  
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.  
e-mail: [alkitap@intelsoft.kz](mailto:alkitap@intelsoft.kz)  
[www.almatykitap.kz](http://www.almatykitap.kz)

Республика Казахстан,  
ТОО «Алматыкітап баспасы»  
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,  
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.  
e-mail: [alkitap@intelsoft.kz](mailto:alkitap@intelsoft.kz)  
[www.almatykitap.kz](http://www.almatykitap.kz)